



«Бекітемін»

Жаратқал негізгі орта білім беретін мектебінің
директоры: Г.А.Алина

№ 1 «29» сәуір 2024 жыл

Пед. кеңесте қаралды

«Келісемін»

Аудан білім бөлімінің басшысы:

«29» сәуір 2024 жыл
С.Б.Биртаева



«Шахмат»

(Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақ)

Сыныбы: 2-3

Орындады: Б.М.Сәкен

(Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі)

№ 1 хаттама «29» тамаз 2024 жыл

Ә/Б отырысында қаралды: Өтетілеуова Б.Ғ

(Ә/Б жетекшісі)

Тексерілді: Жиеналы М.А

(Оқу ісінің меңгерушісі)

Түсінік хат

Бастауыш сынып - баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені, логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларының ойлау жүйесінде алғырлық, мазмұнды қозғалыс оқушының бойына тән қасиет болғанымен, көптеген жағдайларда ұшталмай қалатындықтан, соған сәйкес қайшылықтар кездесуде: қойылған сұраққа тез жауап бере алмауы, тың идеяны қабылдай алмауы, өз қабілетін көрсете алмауы т.б. Осыға орай, шығармашылық қабілетті дамытуда логикалық тапсырмаларды қолданудың тиімділігі туралы белгілер ғалымдар Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Қ.Бердібаев. Өз еңбектерінде ғылыми тұжырым жасаған.

Осы негізде біз оқушының логикалық ойын жетілдіру, логикалық ойлау операцияларын беріп қалыптастыру-заман талабына сай күнделеніп келе жатқан оқу материалын саналы, әрі сапалы игерумен ұштасады деп есептейміз. Егер, оқушылар бастауыш мектеп қабырғасын үнемі әрі жүйелі түрде өзінің ақыл-ойын жаттықтырса, күрделі де қиын есептерді шешуге дағдыланса, оның нәтижесі келешекте кезіккен қандай да бір тығырықтан жол таба білуге тәрбелейтіні сөзсіз. 2-3 сыныпқа аптасына 1 рет белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақ ретінде шахмат оқушылардың ой-өрісін дамытып, бағдарламадағы алған білімдерін кеңейтіп толықтыруға көмектесері анық.

Мақсаты:

Оқыта және дамыта отырып, балалардың шығармашылық ойлауын дамыту. Балалардың бастауыш сыныптарда оқилатын пәндерден алған білімдерін тереңдетуді, ойлау, танымдық қабілеттерін дамытуды көздейді. Шахмат арқылы оқушының ойлауын, түрлі тәсілдер арқылы пайымдауға, өз беттерінше шешім қабылдауға және қорытынды жасауға үйретеді.

Міндеттері:

- Білім алушылардың негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету.
- Қиялдау, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту
- Ой қорыту, талдау, жинақтау, топтау дағдыларын қалыптастыру.
- Танымдық тапсырмалар арқылы баланың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін дамыту

Әдістері: Ізденіс, теориялық, практикалық сабақтар, талдау

Жұмыс түрлері: Баланың жеке қасиеттерін табиғи, физикалық және психологиялық қасиеттерін білуді талап етеді.

Бағалау барысы: Тұлғаның логикалық ойлауын, есте сақтауын, орнықтылығын жаңа басқа да жағымды қасиеттерін жетілдіру;

Төзімділігін, өз өзіне және қарсыласына сынмен қарауын;

Логикалық ойлау әлемі мен бейнелеп ойлаудың сұлулығын бойлатып, қоршаған орта туралы елесін кеңейту;

Өзектілігі:

Егер, оқушылар бастауыш мектеп қабырғасынан үнемі әрі жүйелі түрде шахмат ойнаса, оның нәтижесі келешекте кезекпен қандай да бір тығырықтан жол таба білуге тәрбиелейтіні сөзсіз. Сондықтан шахмат пәнін өткізу-бүгінгі күндегі өзекті мәселе.

Курсты меңгерту әдістері:

- Теориялық материалды баяндау, түсіндіру;
- Аппараттық технологияларды пайдалану;
- Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері;
- Көрнекілік құралдар пайдалану;
- Шахмат макеттерімен үйрету

Күтілетін нәтиже:

- Білім алушылардың негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана алады.
- Қиялдау, елестету және шығармашылық ойлауы қабілеттері дамиды.
- Ой қорыту, талдау, жинақтау, топтау дағдылары қалыптасады.
- Баланың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттері дамиды.

Өзектілігі:

Егер, оқушылар бастауыш мектеп қабырғасынан үнемі әрі жүйелі түрде шахмат ойнаса, оның нәтижесі келешекте кезекпен қандай да бір тығырықтан жол таба білуге тәрбиелейтіні сөзсіз. Сондықтан шахмат пәнін өткізу-бүгінгі күндегі өзекті мәселе.

Мазмұндық бөлім

1. Кіріспе. Шахмат ойынының пайдасы.

Шахмат ойынының маңызы. Шахмат ойынының элементтері. Шахмат тактасы, ойын алаңы, фигуралар туралы мәлімет. Шахмат ойынының мақсаты, тәртібі мат кою. Шахмат фигураларының жүрістері. Әр фигуралардың жүрістері айтылады. (6 сағат)

2. Арбаның (ладья) жүрісі. Пілдің (слон) жүрісі. Уәзірдің (ферзь) жүрісі. Аттың (конь) жүрісі. Патшаның (король) жүрісі. Әскердің (пешка) жүрісі. Әскердің (пешка) жүрісінің әдіс – тәсілдерін үйрету. Әскердің өз түсіндегі кез- келген фигураға айналуы үйрету. (Сайыс сабақ) (8 сағат)

3. Патшаның орын ауыстыруы тәсілдерін үйрету. (ракировка). Фигуралардың күштерінің артықшылығы үйрету. Шах кою. Шахмат ойынының спорттық ережесі мен мәдениеті таныстыру. Шахмат ойынының әдіс-тәсілдері және фигуралардың тактадағы қалпы ұғындыру. (позиция). Негізгі ұғымдарды қайталау. Практикалық сабақ. Сайыс сабақ. (12 сағат)

4. Патша және әскердің патшаға қарсы жүрісі үйрету. Арба мен әскердің арбаға қарсы жүрістердің әдіс – тәсілдерін үйрету. Уәзір мен арбаның бір-біріне қарсы әдіс-тәсілдері тәсілдерін үйрету. Қорытынды сабақ. (8 сағат)

Ақпараттық – әдістемелік бөлім

2-3 сыныпқа 34 сағатқа құрылған. Бағдарламаның ерекшелігі балаға даралап білім беруге бағытталғандығында. Ол бағдарламаға енгізілген және екі негізгі бағыт алады. Алдымен әр шахмат ойнаушының тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеуде, екіншіден әр тәрбиеленушінің өмірге көзқарасы, жағдаяттарды шеше білуі есепке алынады. Баланың жеке қасиеттерін табиғи, физикалық және психологиялық қасиеттерін білуді талап етеді. Бағдарламаның жаңалығы мұғалімнің сабақтарда қолданатын, балалардың жеке және жалпы логикалық ерекшеліктерін жетілдіретін дидактикалық материалдарын (карточкалар, шахматтық этюдтар және тапсырмалар) әзірлеуінде, зерттеу әдісін қолдануында (шахматтың шығу тарихы туралы рефераттар мен баяндамалар жазуында), мектептің материалдық жағдайын ескере отырып оқу-тақырыптық жоспары құрылды.

Нормативтік бөлім
Барлығы 34 сағат, аптасына 1 сағат

№	Сабак тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	Кіріспе. Шахмат ойынының пайдасы	1		
2	Шахмат ойынының маңызы.	1		
3-4	Шахмат ойынының элементтері (шахмат тактасы, ойын алаңы, фигуралар туралы мәлімет)	2		
5	Шахмат ойынының мақсаты, тәртібі (мат қою). Шахмат фигураларының жүрістері (Әр фигуралардың жүрістері айтылады)	1		
6	Арбаның (ладья) жүрісі	1		
7	Пілдің (слон) жүрісі	1		
8	Уәзірдің (ферзь) жүрісі	1		
9	Аттың (конь) жүрісі	1		
10	Патшаның (король) жүрісі	1		
11	Әскердің (пешка) жүрісі	1		
12	Әскердің өз түсіндегі кез келген фигураға айналуы	1		
13-14	Сайыс сабак	2		
15-16	Патшаның орын ауыстыруы (ракировка)	2		
17-18	Фигуралардың күштерінің артықшылығы	2		
19-20	Шах қою	2		
21-22	Шахмат ойынының спорттық ережесі мен мәдениеті	2		
23-24	Шахмат ойынының әдіс-тәсілдері және фигуралардың тақтадағы қалпы (позиция)	2		
25	Негізгі ұғымдарды қайталау	1		
26	Практикалық сабак	1		
27	Сайыс сабак	1		
28-29	Патша және әскердің патшаға қарсы жүрісі	2		
30-31	Арба мен әскердің арбаға қарсы жүрістері	2		
32-33	Уәзір мен арбаның бір-біріне қарсы әдіс-тәсілдері	2		
34	Қорытынды сабак	1		
	Барлығы	34		

Қолданылған әдебиеттер

Оқушылар үшін:

1. [http:// Panchess.ru/panov/1.htm](http://Panchess.ru/panov/1.htm) «Шахмат ойнап үйрену» ;
2. Раймбекова Қ. -Өлке, 2011.
3. «Тек кішкентайларға арналған шахмат» И.Г.Сухин
4. «Үйренушілерге арналған шахмат оқулығы» Д.Притчард
5. «Ең ақылды арналған шахмат жазбалары»И.О.Киров

Мұғалім үшін:

1. Карпов Анатолий Евгеньевич «Учитесь шахматам» 120 стр. 1997 г;
2. Б.А.Тұрғынбаева , Б.Ш.Шабдеков «Шығармашылық баспалдақтары»-Алматы, 2003;
3. Зак Владимир, Длуленский Яков Москва 224 стр. 1980г;
4. В. Панов. «Первая книга шахматиста»;
5. [http:// Parchess.ru](http://Parchess.ru). «Шахмат ойнап үйрену».
6. Таңдаулы тапсырмалар жинағы» А.В.Селиванов